ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ
ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫНЫҢ
ӘКІМІ

АКИМ
ГОРОДА КЫЗЫЛОРДЫ
КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

ШЕШІМ

РЕШЕНИЕ

«26» қаңтар 2026 ж./г. №3-ш

Қызылорда қаласы город Кызылорда

Қызылорда қаласы, Қызылжарма науа каналы құрылысының жобасын іске асыру туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 33 бабының 1-тармағының 13) тармақшасына, «Азаматтық қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 50 бабының 2-тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің міндетін атқарушысының 2023 жылғы 10 мамырдағы № 240 бұйрығымен бекітілген Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың Сыныптамасының 1-тармағының 2-тармақшасына, Қызылорда қаласының төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі қалалық комиссиясының 2026 жылғы 16 қаңтардағы № 02-04/128 кезектен тыс жедел отырысы хаттамасына сәйкес Қызылорда қаласының әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Қызылжарма каналы бөгетінің әлсіздігінен сол аумаққа жақын орналасқан үйлер мен әлеуметтік нысандарды су алу қаупі туындауына байланысты төтенше жағдайлар объектісіне жатқызылсын.

2. Қызылорда қаласының төтенше жағдайлар басқармасының 2026 жылғы 16 қаңтардағы № 31-21/58-и санды хатының негізінде, 2025 жылғы 09 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Премьер-министрі О.А. Бектеновтың төрағалығымен «Оңтүстік өңірлерді сумен қамтамасыз ету туралы» өткен Үкімет отырысының № 45 хаттамасының 1-тарауы 2-тармағына сәйкес «Қызылжарма науа каналы құрылысы» жобасы негізінде құрылыс жұмыстарын жүргізу мақсатында мемлекеттік сатып алу рәсімдері жедел түрде жүргізілсін.

3. Қызылжарма каналы бөгетінің жай-күйіне ақаулық актісін жасау үшін комиссия құрылсын.

4. Осы шешімінің орындалуын бақылау осы салаға жетекшілік ететін Қызылорда қаласы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

5. Осы шешім қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қызылорда қаласының әкімі **Н. Ахатов**

000186

Қалалық төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі комиссия отырысының ХАТТАМАСЫ

Қызылорда қаласы
өкімдігінің мәжіліс залы

№ 02-04/128
19.01.2026 ж.

16 қаңтар 2026 жыл

I. Қызылорда қаласы аумағындағы Қызылжарма каналы бойынша қалыптасқан ахуал туралы

(Н. Ахатов, Ж. Нұрымбетов, А. Тоғызбаев)

1. «Қызылорда Сушар» өндірістік учаскесінің басшысы Ж. Нұрымбетовтың 2025 жылы Қызылжарма каналы бөгетінің әлсіздігінен бірнеше рет канал бойы орналасқан тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандарды су басу қаупінің туындағаны және соған сәйкес шұғыл түрде төтенше жағдайлардың алдын алу жұмыстарын ұйымдастыру қажеттігі туралы хабарламасы қаперге алынсын.

2. Қызылорда қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі *(Д. Бахтияр)*, ҚР Үкіметі отырысының хаттамалық тапсырмасын *(09.12.2025ж. №45 хаттама, 2.1 тармақ. Түркістан, Қызылорда, Жамбыл облыстарының әкімдіктеріне 2026 жылғы вегетациялық кезең басталғанға дейін коммуналдық меншіктегі гидротехникалық құрылыстар мен каналдарды жөндеуден өткізу туралы)*, қалалық төтенше жағдайлар басқармасының хатын *(16.01.2026ж. №31-21/58-И)* және Қызылжарма каналы бойынша қалыптасқан ахуалды ескере отырып, «Қызылжарма науа каналының құрылысы» жобасын шұғыл түрде іске асыру мақсатында мемлекеттік сатып алу заңнамасына сәйкес, бір көзден алу тәсілімен жүргізуді қарастырсын.

II. Өрт қауіпті кезеңіне дайындық шаралары туралы

(Н. Ахатов, А. Тоғызбаев, С. Тайманов)

«Қызылорда орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» басшысы С. Таймановтың хабарламасы қаперге алынсын:

1. «Қызылорда орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» КММ (С. Тайманов, келісім бойынша):

1) **Қызылорда қаласы Төтенше жағдайлар басқармасымен** бірлесіп, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер мен шаруа қожалықтары арасында ауыл шаруашылығы алқаптарында, жайылымдық және шабындық жерлерде шөптерді өртеу кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде түсіндірме жұмыстары жүргізілсін;

(Орындалу мерзімі: үнемі).

2) Өрт қауіпсіздігі талаптарын бұзған кінәлі тұлғаларға байланысты әкімшілік шара көру жұмыстарын жандандырсын;

(Орындалу мерзімі: үнемі).

3) Орманды далалық алқапта, саяжайларда және жеке тұрғын үй секторларында өрт қауіпсіздігінің алдын алу бағытында профилактикалық жұмыстарды күшейтсін;

(Орындалу мерзімі: өрт қауіпті кезең біткенге дейін).

4) **Қалалық ауыл шаруашылығы мен жер бөлімімен бірлесе отырып**, қала аумағындағы ауыл шаруашылығымен айналысатын шаруашылықтармен егіндік және жайылымдық жерлерде өрт қауіпсіздігі талаптарын қатаң сақтауы жөнінде түсіндірме жұмыстарын жүргізсін;

(Орындалу мерзімі: өрт қауіпті кезең біткенге дейін).

5) **Қалалық қоғамдық даму бөлімімен бірлесіп**, тұрғын үй секторларының ауласында шөптерді және тұрмыстық қалдықтарды жағу кезінде орын алатын өрттердің алдын алу бағытында арнайы ақпараттық материалдар *(бейнероликтер, постерлер)* әзірлеп, бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілерде жариялануын ұйымдастырсын;

(Орындалу мерзімі: 2026 жылғы 31 наурызға дейін).

6) **Кент және ауылдық округ әкімдеріне:** өз аумақтарыңыздағы ауыл шаруашылығымен айналысатын шаруашылықтарға өрт қауіпсіздігі жөнінде түсіндірме жұмыстарын жүргізсін;

(Орындалу мерзімі: өрт қауіпті кезең біткенге дейін).

7) **Қызылорда қаласы Төтенше жағдайлар басқармасы, кент және ауылдық округ әкімдерімен** бірлесіп, орман және дала өрттерінің алдын алу бағытында оқу жаттығу ұйымдастырсын;

(Орындалу мерзімі: 2026 жылғы 31 мамырға дейін)

III. Қала аумағында орналасқан өртке қарсы су көздерінің жай-күйі туралы

(Н. Ахатов, А. Тоғызбаев, Ж.Абатов)

Шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қызылорда су жүйесі» МКК басшысы Ж. Абатовтың хабарламасы назарға алынсын:

1. **ШЖҚ «Қызылорда су жүйесі» МКК басшысы** *(Ж. Абатов)*, **қалалық төтенше жағдайлар басқармасымен** (міндетін атқарушы А. Тоғызбаев, келісім бойынша) бірлесіп: қала аумағында орналасқан өртке қарсы су көздерінің жай-күйлеріне тексеру, қарау жұмыстары жүргізілсін. Қала аумағында орналасқан өртке қарсы су көздерінің жай-күйіне қысқы мезгілге дайындықтарын тексеру мақсатында тиісті жұмыстар жүргізілсін.

(Орындалу мерзімі: 2026 жылғы 31 мамырға дейін).

2. **ШЖҚ «Қызылорда су жүйесі» МКК басшысы (Ж. Абатов)** тексеру нәтижелерімен жарамсыз деп танылған өрт гидранттарына кезең кезеңімен қаржы қарастырып жарамды жағдайға келтірсін.

(Орындалу мерзімі: үнемі).

Қалалық төтенше жағдайлар басқармасы (міндетін атқарушы А. Тоғызбаев келісім бойынша), **қала әкімі аппаратының жұмылдыру дайындығы және аумақтық қорғаныс бөлімі** (Б. Баймаханов):

Комиссия отырысында берілген тапсырмаларды хаттамаға енгізіп, орындалуына бақылау орнатсын.

Қызылорда қаласының әкімі **Н. Ахатов**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҮКІМЕТІ
ОТЫРЫСЫНЫҢ

ХАТТАМАСЫ

ПРОТОКОЛ

**ЗАСЕДАНИЯ
ПРАВИТЕЛЬСТВА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

Астана қаласы № 45 2025 жылғы 9 желтоқсан

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі
О.А. Бектенов төрағалық етті

Қатысқандар: тізім бойынша

1. Оңтүстік өңірлерді сумен қамтамасыз ету туралы

(Бектенов, Бозымбаев)

1. Премьер-Министрдің орынбасары Қ.А. Бозымбаевтың оңтүстік өңірлерді сумен қамтамасыз ету туралы ақпараты назарға алынсын.

2. Түркістан, Қызылорда және Жамбыл облыстарының әкімдіктері:

1) **2026 жылғы вегетациялық кезең басталғанға дейін** коммуналдық меншіктегі гидротехникалық құрылыстар мен каналдарды жөндесін;

2) Ауыл шаруашылығы, Су ресурстары және ирригация министрліктерімен бірлесіп ылғалды көп қажет ететін дақылдардың үлесін төмендете отырып, егіс алқаптарының құрылымын әртараптандырсын, сондай-ақ су үнемдейтін суару технологияларын енгізу бойынша жеткізілген индикаторлардың мүлтіксіз орындалуын қамтамасыз етсін.

3. Су ресурстары және ирригация министрлігі:

1) көршілес мемлекеттермен трансшекаралық өзендер бойынша судың қажетті көлемінің уақтылы түсуін қамтамасыз ету жөнінде жұмыс жүргізсін;

2) «Қазсушар» РМК-мен бірлесіп бекітілген лимиттерден тыс суармалы су беруге жол бермесін;

3) **2026 жылғы 1 ақпанға дейінгі мерзімде** судың «қара нарығын» жою жөніндегі құқық қорғау органдарымен бірлескен егжей-тегжейлі іс-шаралар жоспарын Үкімет Аппаратына енгізсін.

4. Түркістан облысының әкімдігі Су ресурстары және ирригация министрлігімен бірлесіп **2026 жылғы 31 шілдеге дейінгі мерзімде** Шардара топтық су құбырының құрылысын аяқтасын.

5. Аталған мәселе бойынша бақылау және үйлестіру Премьер-Министрдің орынбасары Қ.А. Бозымбаевқа жүктелсін.

2. Көлік-транзит саласын дамыту мен цифрландыру туралы

(Бектенов, Сауранбаев, Такиев, Коняшкин, Алдыбергенов, Иманашев)

1. Көлік министрі Н.Е. Сауранбаевтың, Қаржы министрі М.Т. Такиевтің, Жасанды интеллект және цифрлық даму министрінің міндетін атқарушы Р.А. Коняшкиннің, «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Т.С. Алдыбергеновтің, «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Д.С. Иманашевтың көлік-транзит саласын дамыту мен цифрландыру туралы ақпараты назарға алынсын.

2. Көлік министрлігі:

1) халықаралық көлік дәліздері мен өткізу пункттеріндегі барлық процестерді цифрландыруды жеделдетсін;

2) мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп Smart Cargo платформасындағы барлық сервистер мен ақпараттық ресурстардың толық интеграциясын **2026 жылғы 1 сәуірге дейін** аяқтасын;

3) Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігімен бірлесіп көлік ағындарын болжау және басқару мақсатында көліктік дерекқордың ақпараттық-талдау жүйесін ашық интерфейстері бар модульдік және кең ауқымда қолданылатын архитектураға көшіріп, жасанды интеллектіні кезең-кезеңімен енгізсін;

4) ақауларды тіркеуді және жұмыстардың орындалуын онлайн-режимде бақылауды қамтамасыз ету үшін «e-Joldar» жүйесін **2026 жылғы 1 мамырға дейін** өнеркәсіптік пайдалануға іске қоссын;

5) Ауыл шаруашылығы, Қаржы министрліктерімен бірлесіп импорттық және экспорттық декларациялар, сондай-ақ ветеринариялық және фитосанитариялық сертификаттар бойынша деректерді автоматтандырылған түрде беруді қамтамасыз ету үшін «e-Freight» ақпараттық жүйесімен кешенді интеграцияны **2026 жылғы 1 наурызға дейін** аяқтасын;

6) Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігімен, «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ-мен бірлесіп шекаралық, тораптық станцияларда жүктерді өңдеу уақытын қысқарту, кестелердің

№ 31-21/58-И от 16.01.2026

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР МИНИСТРЛІГІ
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ТӨТЕНШЕ
ЖАҒДАЙЛАР ДЕПАРТАМЕНТІ
ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫНЫҢ ТӨТЕНШЕ
ЖАҒДАЙЛАР БАСҚАРМАСЫ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ

120008, Қызылорда қаласы,
Жеңіс көшесі № 105
Тел: 8 (7242) 55-11-63,
e-mail: uchs_kyzylorda_kyzl@emer.kz

20___ж_____№_____

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «УПРАВЛЕНИЕ ПО ЧРЕЗВЫЧАЙНЫМ
СИТУАЦИЯМ ГОРОДА КЫЗЫЛОРДА
ДЕПАРТАМЕНТА ПО ЧРЕЗВЫЧАЙНЫМ
СИТУАЦИЯМ КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ
ОБЛАСТИ МИНИСТЕРСТВА ПО
ЧРЕЗВЫЧАЙНЫМ СИТУАЦИЯМ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

120008, город Кызылорда,
Ул. Жеис № 105
Тел: 8 (7242) 55-11-63,
e-mail: uchs_kyzylorda_kyzl@emer.kz

Қызылорда қаласының әкімі
Н. С. Ахатовқа

Құрметті Нұржан Сәбитұлы!

Төтенше жағдайлардың алдын алу бойынша

Азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету – Қызылорда қаласы Төтенше жағдайлар басқармасының *(бұдан әрі-Басқарма)* негізгі міндеттерінің бірі болып табылады.

Өзіңізге белгілі, 2025 жылдың 17 мамырында Қызылорда қаласы, Әл-Фараби көшесінің бойындағы «Қызылжарма науа каналы» тұсында канал бөгетінің әлсіздігінен төтенше жағдай орын алып, жақын орналасқан тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандарды су алу қаупі туындаған болатын.

Алайда жоғарыда аталған жағдай канал бөгетінің әлсіз болуына байланысты бірнеше рет қайталанған.

Сонымен қатар, «Оңтүстік өңірлерді сумен қамтамасыз ету туралы» ҚР Премьер-Министрі О. А. Бектеновтың төрағалымен 09.12.2025 жылы өткен Үкімет отырысында *(2.1 тармақ)* Түркістан, Қызылорда және Жамбыл облыстарының әкімдіктеріне **2026 жылғы вегетациялық кезең басталғанға дейін** коммуналдық меншіктегі гидротехникалық құрылыстар мен каналдарды жөндеуден өткізу тапсырмасы берілген.

Осыған байланысты, төтенше жағдайлардың алдын алу және болдырмау мақсатында жоғарыда аталған «Қызылжарма науа каналының» құрылыс жұмыстарын жүргізу үшін тиісті шараларды қабылдауға өз тарапыңыздан ықпал жасауыңызды сұрайды.

Аталған мәселені қысқа мерзімде шешу тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және төтенше жағдайлардың алдын алуға мүмкіндік беретінін ескеруіңізді сұрайды.

Басқарма бастығының
міндетін атқарушы

А. Тоғызбаев

Орын.: А. Муса
Тел.: 8-707-724-13-75

Дата: 16.01.2026 17:30. Копия электронного документа. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП